

«Abyroi School Orab» ЖШС
Мектеп психологтарының 2023-2024 оқу жылдарында жүргізілген жұмыстары
туралы есебі

2023-2024 оқу жылының басында мектептегі психологиялық қызметке бірқатар өзгерістер енгізілді. Мақсаты – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік – психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысуларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- оқушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету
- психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуметін дамыту;
- психологиялық қиыншылықтармен оқушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата –аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Негізгі жұмыс бағыттары

Диагностикалық бағыт бойынша оқу мен дамудағы проблемалардың себептерін анықтау мақсатында оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеуге, жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның өзіндік мүмкіндіктерін, кәсіби және танымдық қызығушылықтарын ерте анықталды.

Кеңес беру бағыты бойынша оқушыларға, олардың ата-аналарына және мұғалімдеріне дамудың, әлеуметтенудің, тәрбиелік қиындықтардың, қарым-қатынас мәселелерінің өзекті мәселелерін шешуге көмектестік.

Түзету және дамыту бағыты бойынша барлық оқушыларға қолдау көрсету немесе тиісті мамандарға жолдама беру арқылы түзету және дамытушылық қолдау жасалды.

Психологиялық ағарту бағыты білім алушылар мен педагогтардың кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдестік.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыты бойынша жұмыстарға мониторинг жүргізу және талдау, көрнекі материалдарды дайындалды.

Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру, ортаға тарту, үлгерімін қадағалау, оқушының бос уақытын қызығушылықпен өткізуді, тәртіп бұзушылықты болдырмау жолдарын алдын-алу, оқушының мінез-құлқын, қызығушылықтарын анықтау жүзеге асты. Оқушылардың ата-аналарымен байланыс үзеу, оқушының бос уақытын қадағалау, сынып жиналыстарына, сабағына қатысу, оқушымен жеке сөйлесуге мән берілді. Жоғарыда аталған 8 бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар төмендегідей:

Мектеп оқушыларына Қыркүйек айында барлық сыныпқа «Буллингті бірге тоқтатайық!» атты кеңес жүргізіліп, QR код ілінді. Бұл айда жанадан келген оқушылармен танысып, оқушылар сырттай бақылауда болды. Қазан айынан бастап оқушыларға диагностикалық

жұмыстар жүргізілді. Кондаш әдістемесі 10 сынып оқушыларына, Г.Айзенк сауалнамасы «Тұлғаның психикалық жағдайын бағалау, агрессия» әдістемесі өткізілді. Жүргізілген әдістемелердің қорытындысы талданып, оқушылардың психикалық жай-күйлері қалыпты екендігі анықталды. Біз мектеке жаңадан келген оқушыға жан жақты жағдай жасай отырып, оның мектепке еш қиындықсыз бейімделуіне көмек көрсеттік. Баланың психологиясын білу көп ойлануды, көп ізденуді қажет етті.

Осы мақсатқа жетуде алдымызға төмендегідей міндеттер жүктелді:

1. Сыныптармен және олардың сынып жетекшілерімен танысу, сынып туралы толық мәлімет алу.
2. Әр баланың жеке тұлғалық қасиеттерін сынып жетекшісімен бірге талқылау және де сынып жетекшісінің пікірімен салыстыру.
3. Баланың білімін көтеру мақсатында ата-ана мен сынып жетекшісінің ынтымақтастығын нығайту.
4. Зерттеу нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсеткен оқушылармен дамыту жұмыстарын күшейтуді қадағалау және психологиялық ықпал көрстеу.

Жоспар бойынша оқушылардың оқуға психологиялық дайындығын күшейту үшін өзінің жандүниесін, эмоцияларын, түрлі сезімдерін түсініп қабылдау мақсатында:

«Мен және менің ішкі әлемім», «Тайм менеджмент, Уақытты үнемді пайдалану», «Транзакциялық талдау. Эго күй», «Психологиялық қорғаныс түрлері., Манипуляция.. Манипуляция түрлері», «Карпман бұрышы», «Эмпатия. Перенос, өзін басқа адамның орнына қоя білу», «Махаббат тілдері», «Маслоу пирамидасы», «Жақсы көңіл күй-жан азығы», «Теріс шектейтін сенімдер. Норма түсінігі», «ҰБТ-ге психологиялық дайындық» тақырыптарында дәріс сабақтары өткізілді. Осы дәріс сабақтарынан бөлек «Менің ғаламшарым» арт-терапия «Менің ішкі кедергілерім» «Мен жеңімпазбын!» «Өмірім жарқын сәттерге толы» тақырыбында тренингтер мен топтық терапия жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айында ата-аналар жиналысында «Мектептегі психологиялық қызметтің бағыттары» анықтама беру, қаза айында мектеп ұжымына «Суицидтің өршуі-қоғамға келген қатер», «Тәрбиелеудің 10 заңы. Келісім шарт» тақырыбында психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді. Қазан айында «Булинг дегеніміз не және одан баланы қалай қорғай аламыз?» ата-аналарға жаднама таратылып, мектеп педагогтарына «Суицидтік мінез-құлықтың және оларға қатысты зорлық-зомбылық, қатігездік көрсетудің адын алу жұмыстары» жүргізілді. 10 сынып оқушыларын ОЖСБ ға психологиялық дайындау жұмыстары іске асырылды. Мамыр айында барлық оқушыларға жазғы демалыстағы қауіпсіздік жөнінде кеңес берілді.

Түйін, ұсыным:

Пән мұғалімдеріне:

- педагогикалық процестің субъектісі ретінде сабақты ынтымақтастық негізде тәрбиелік ықпалға негізделген ұжымшылық қатынас қалыптастыруға бағыттау;

- Әр балаға «жан» ретінде құрметпен қарау;
- Сабақ арысында өмірлік тәрбие болатын мысалдарды үнемі қолданысқа енгізу;
- оқуға қызығу, ынталану, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру бағытында жұмыстану;
- үнемі мотивация беріп отыру.

Сынып жетекшілер үшін:

- Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру;
- Оқушыға және ата анаға жанашыр сынып жетекші екендігін сездіре білу;
- Психологиялық қолдау, психологиялық кеңес беру

Психологтар үшін

- Ұйымшылдыққа баулу мақсатында тренинг шараларын, әңгімелесу сағаттарын үнемі оздырып отыру;

Психологиялық кеңес алған оқушылар саны—400, ата-ана саны—25, мұғалімдер саны —45

Қорытынды және ұсыныс: Психологиялық алдын алу, диагностика, түзету-дамытушылық, кеңес беру, ағартушылық, бағыттары бойынша жұмыстар уақытылы жүргізілді. Жеке келген ата-аналарға, оқушыларға, сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне жеке кеңес ұсыныстар беріліп отырды.

2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің күшті жақтары:

Оқушылар оқу-тәрбие процесіне белсенділіктері мен қызығушылықтары артты, өмірге деген көзқарастары өзгерді;

-Көздеген мақсаттарына өздері жете алатындықтарына көздері жетті;

-Оқушыларда қазіргі сәтті сезіну, түсіну реніштен арылу пайда болып, бүгінгі күнді бағалау, қоғаммен, ата-анасымен, достарымен, мұғаліммен қарым-қатынастары жақсара түсті.

Психологиялық қызметтің әлсіз тұстары: оқушы үшін қиындық тудырған мәселеге басты себепші ата-ананың өмірге көзқарасын өзгерту.

2024-2025 оқу жылына қойып отырған мақсатымыз:

- Әр оқушының ата-анасымен жеке және бірлескен жұмысты күшейту, ата-аналардың психологиялық білімдерін жетілдіру;
- Оқушыларға психологиялық білім жетілдіруге арналған дәріс сағаттарын көбейту;
- Мектеп ұстаздарына психологиялық қолдауды жетілдіру.

Мектеп педагог-психологтары:



С.М.Умирзакова
Э.С.Сарсенғалиева